

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ Биржалық
кеңесінің шешімімен

(2003 жылдың 25 наурызындағы
№ 6 (з) хаттама)

Б е к і т і л д і

2003 жылдың 26 наурызынан бастап

Қолданысқа енгізілді

Сауда-саттық жүйесін пайдалану үшін жеке
сәйкестендіру нөмірлері мен сауда-саттық
жүйесіне кіру парольдерін беру, алу және
қолдану

ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ.

2003

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы №1(з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында ""Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздері ""Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздерге тиісті септіктерде ауыстырылды және ""Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы ""Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.
2. **№ 2 толықтырулар:**
 - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау Комитетімен 2011 жылдың 13 шілдесінде келісілді;
 - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2011 жылдың 31 мамырындағы № 12 отырыс хаттамасы);
 - 2011 жылдың 20 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.
3. **Изменение № 3:**
 - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау Комитетімен 2012 жылдың 29 маусымында келісілді;
 - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2012 жылдың 28 мамырындағы № 10 отырыс хаттамасы);
 - 2012 жылдың 02 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) сауда-саттық жүйесін пайдалануды рұқсат ету үшін жеке сәйкестендіру нөмірлерін және Биржаның сауда-саттық жүйесіне кіру парольдерін беру, алу және қолданудың негізгі шарттарын анықтайды (*осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*).

1 Тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ережелерде қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:
 - 1) **"брокер"** – Биржа мүшесі атынан интернет-клиенттердің сауда-саттық жүйесіндегі жұмысын реттеуге құқығы бар, интернет-клиенттерге қызмет көрсететін, Биржа мүшесінің қызметкері;
 - 2) **"интернет-клиент"** – Интернет желісі немесе басқа да байланыс арналары арқылы, Биржаның сауда-саттық жүйесі көмегімен Биржа мүшесіне берілген нұсқаулар (клиенттік тапсырыстар, бұйрықтар) негізінде, соның есебінен және мүддесіне сауда-саттық жүйесінде мәміле жасау бойынша Биржа мүшесімен келісім-шарт жасасқан тұлға;
 - 3) **"Биржа маклері"** – қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастырып, өткізу бойынша қызметтер атқаратын, Биржа қызметкері;
 - 4) **"байқаушы"** – сауда-саттық жүйесінде жүргізілетін сауда-саттық барысы мен нәтижелерін қарау рұқсат етілген, жеке тұлға;
 - 5) **"пайдаланушы"** – сауда-саттық жүйесінде белгілі бір әрекеттер жүргізуге өкілденген жеке тұлға: трейдер, немесе Растау жүйесінің пайдаланушысы, немесе брокер, немесе интернет-клиент, немесе байқаушы;
 - 6) **"Растау жүйесінің пайдаланушысы"** – Растау жүйесінің қатысушысы ретінде сауда-саттық жүйесінде әрекеттер жүргізуге рұқсат етілген ұйым атынан әрекет жүргізуге құқылы Растау жүйесінің қатысушы – ұйымының қызметкері;
 - 7) **"алыстан кіру тәртібі"** – пайдаланушының Биржада болуын талап етпейтін, сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау әдісі;
 - 8) **"Растау жүйесі"** – осыға қосылған тұлғаларға сауда-саттық жүйесі арқылы осы тұлғалардың атынан, осы тұлғалардың тапсырмасымен немесе осы тұлғалардың немесе олардың клиенттерінің мүддесіне жасалған мәмілелер туралы мәліметтер алып, алынған мәліметтерді өңдеу негізінде Биржаға осы мәмілелерді растау (жасалған мәмілелердің шарттарының осы мәмілелер жасалуы тиіс немесе жасалуы мүмкін шарттарына сәйкестігі туралы хабарламалар) немесе осы мәмілелерді растаудан бас тарту туралы мәліметтерді беруге мүмкіндік беретін, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені;
 - 9) **"сауда-саттық жүйесі"** – Биржада айналысқа жіберілген қаржы құралдармен мәмілелер жасауға арналған, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені;
 - 10) **"Биржа трейдері" немесе "трейдер"** – Биржа мүшесі атынан Биржаның сауда-саттық жүйесін қолдана отырып мәмілелер жасасуға өкілденген, жеке тұлға (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертулген*);
 - 11) **"Қатысушы"** – Биржа мен заңды тұлға – интернет-клиентінен өзге, сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеуге құқылы ұйым;
 - 12) **"Растау жүйесіне қатысушы"** – Растау жүйесіне қосылған ұйым.
2. Осы Ережелердің күші, Биржа қызметкерлері болып табылатын пайдаланушыларға, қолданылмайды.
3. Осы Ережелердің мақсаттары үшін интернет-клиент деп жеке тұлға – интернет-клиентті де, интернет-клиент ретінде заңды тұлғаға сауда-саттық жүйесінде әрекет жүргізуге рұқсат етілген, заңды тұлға атынан әрекеттер жүргізуге құқылы заңды тұлға – интернет-клиентінің қызметкерін де түсіну керек.

4. Пайдаланушының сауда-саттық жүйесіне кіруі және онда әрекеттер жүргізуі тек осы пайдаланушының сауда-саттық жүйесін пайдалануға рұқсат ететін жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ID) мен сауда-саттық жүйесіне кіру паролі болса ғана мүмкін.
ID және пайдаланушы паролін алу үшін, Биржа Басқармасының 2002 жылдың 07 маусымындағы № 57/0 шешімімен бекітілген, сауда-саттық жүйесін пайдаланушыларын сертификаттау Ережелеріне сәйкес, егер осы пайдаланушы аталмыш Ережелермен осындай сертификаттаудан өту қажеттілігінен босатылмаса, сертификаттаудан (сертификаттауын растаудан) өтуі тиіс.
5. Осы Ережелермен белгіленген ID және парольдерді беру, алу және пайдалану тәртібі:
 - 1) сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасаудың кез келген әдістеріне – алыстан кіру тәртібінде немесе Биржаның сауда-саттық залындағы жұмыс орындарында – бірыңғай болып табылады;
 - 2) Қатысушының сауда-саттық жүйесімен жұмыс істегенде ақпараттарды қорғаудың бағдарламалық-криптографиялық құралдарын қолдануына қарай айырмашылығы болуы мүмкін.
6. Сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасағанда ақпараттарды қорғаудың бағдарламалық-криптографиялық құралдарын қолданғанда ID және парольдерді беру, алу және пайдалану ерекшеліктері, Биржа кеңесі шешімімен бекітілген (2002 жылдың 06 қарашасындағы № 15 хаттама), Сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасағанда ақпараттарды қорғаудың бағдарламалық-криптографиялық құралдарын қолдану Ережелерінде анықталады.

2 Тарау. ID ЖӘНЕ ПАРОЛЬДЕР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

7. ID әр бір пайдаланушыға арналған, құпия ақпарат болып табылмайтын және басқа пайдаланушылардың танысуына қолжетімді, сандық немесе әріптік-сандық немесе әріптік тізбек болып табылады.
Қатысушының қызметкері болып табылатын пайдаланушының ID Биржа маклері құрастырады және ол ғана ауыстыра алады.
Интернет-клиент болып табылатын пайдаланушының ID, осы интернет-клиент соның клиенті болып табылатын Биржа мүшесі құрастырып, тек осы Биржа мүшесі ғана ауыстыра алады.
Биржа мүшелері осы Ережелердің 8 тармағының 4) тармақшасымен белгіленген интернет-клиенттердің ID құрастыру талаптарын орындауға, сондай-ақ, әр бір интернет-клиентке жеке ID бірегейлігін қамтамасыз етуге міндетті.
8. ID ұзындығы мен құрылымы ол тиесілі пайдаланушының түріне қарай айырады:
 - 1) трейдердің ID бес цифрадан тұрады, бірінші үшеуі, осы трейдер соның қызметкері болып табылатын, Биржа мүшесін белгілесе, ал екінші екеуі – трейдердің өзін белгілейді;
 - 2) Растау жүйесінің пайдаланушысының ID алты таңбадан тұрады, бірінші үшеуі, осы пайдаланушы соның қызметкері болып табылатын, Растау жүйесінің қатысушысын белгілейді, төртіншісі "f" әрпі (Растау жүйесінің пайдаланушыларының барлығын белгілейтін біркелкі белгісі), ал соңғы екі таңбасы цифра болып табылып, Растау жүйесінің пайдаланушысының өзін белгілейді;
 - 3) Брокердің ID алты таңбадан тұрады, бірінші үшеуі цифрлар болып табылып, осы брокер соның қызметкері болып табылатын, Биржа мүшесін белгілейді, төртінші таңбасы "b" әрпі (брокерлердің барлығын белгілейтін біркелкі белгісі), ал соңғы екі таңбасы брокердің өзін белгілейді;
 - 4) интернет-клиенттің ID жеті таңбадан тұрады, бірінші үшеуі цифра болып табылып, осы интернет-клиент соның клиенті болып табылатын, Биржа мүшесін белгілейді (мұнда осы цифрлар трейдердің (трейдерлердің) ID Биржа мүшесі белгіленген цифрлармен бірдей болуы тиіс), төртінші таңбасы "e" әрпі болып табылады (барлық интернет-

- клиенттерді белгілейтін біркелкі белгісі), ал соңғы үш таңба цифра болып табылып, интернет-клиенттің өзін белгілейді;
- 5) байқаушының ID алты таңбадан тұрады, бірінші үшеуі цифра болып табылып, осы байқаушы соның қызметкері болып табылатын, ұйымды белгілейді, төртіншісі "v" әрпі (барлық байқаушыларды белгілейтін біркелкі белгісі), ал соңғы екі таңба цифра болып табылып, байқаушының өзін белгілейді.
9. Пароль, әр бір пайдаланушыға бірегей таңбалар тізбегі және құпия ақпарат болып табылады да, осы ақпараттың иесіне тиесілі болып, тек соның пайдалануына арналған.
10. Парольдің ұзындығы мен құрылымы мынадай талаптарға сай болуы тиіс:
- 1) парольдің ұзындығы сегіз таңбадан кем болмауы тиіс;
 - 2) парольге 20-ға дейін таңба кіруі мүмкін;
 - 3) парольді құрастырғанда компьютер клавиатурасының тек латын әріптерін қолдануға рұқсат етіледі;
 - 4) парольдің ең кемінде екі таңбасы міндетті түрде латын әліпбиінің бас әріптері болуы тиіс;
 - 5) парольдің ең кемінде екі таңбасы міндетті түрде латын әліпбиінің кіші әріптері болуы тиіс;
 - 6) парольдің ең кемінде бір таңбасы міндетті түрде цифра, тыныс белгісі немесе арнайы таңбалар болуы тиіс (мысалы, "@", "#", "&");
 - 7) осы тармақтың 4)-6) тармақшаларында белгіленген міндетті таңбалардың парольдегі орналасу реті кез келген тәртіпте болуы мүмкін.
11. Парольдер бастапқы және жұмыс парольдері болып бөлінеді.
- Пайдаланушылардың бастапқы парольдерін Биржа маклері (интернет-клиент болып табылатын пайдаланушының паролі – осы интернет-клиент соның клиенті болып табылатын Биржа мүшесі) құрастырады да, бір рет ғана, сауда-саттық жүйесіне бірінші рет кіріп, дереу пайдаланушының жұмыс пароліне ауыстыру үшін қолданылады.
- Сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасағанда, кез келген сәтте, пайдаланушы өзінің жұмыс паролін жаңасына ауыстыруға құқылы.
- Парольдерді ауыстыру тәртібі Биржаның сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау сұрақтары бойынша түсініктеме-нұсқаулық сипаттағы материалдарында (бұдан әрі - пайдаланушыға арналған жетекшілікте) көрсетілген.
11. Пайдаланушылардың парольдерін үнемі ауыстырып тұру бойынша талаптар:
- 1) парольдер әр 60 күн сайын ауыстырылып тұруы тиіс. Айтылмыш мерзімнен 10 күн бұрын сауда-саттық жүйесі пайдаланушыны паролді ауыстыру қажеттілігі туралы күн сайын ескертіп тұрады;
 - 2) алдыңғы 12 ай аралығында қолданған парольге ауыстыруға тыйым салынады.
- (Осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 31 наурызындағы шешімімен енгізілді).*
12. Брокер, соның қызметкері болып табылатын Биржа мүшесі осы брокерге берген өкілеттілігі шеңберінде, сауда-саттық жүйесіне кіріп әрекеттер жүргізу үшін өзінің ID және брокер паролін пайдалана отырып, осы Биржа мүшесінің трейдері функциясын атқара алады.

2 Тарау. ID ЖӘНЕ ПАРОЛЬДЕР БЕРУ ЖӘНЕ АЛУ ТӘРТІБІ

13. Қатысушылардың қызметкерлері болып табылатын пайдаланушылардың ID және бастапқы парольдері, қолтаңбасы қойылып Биржада беріледі (Биржаның мөрі басылған, жабық конверттерде).

Пайдаланушыларға арнайы әзірленген ID және бастапқы паролін алуға, тиісті түрде рәсімделген сенімхат негізінде, пайдаланушылар соның қызметкері болып табылатын, Қатысушылармен алуына рұқсат етіледі.

Биржа, ID және бастапқы парольдерді алған, пайдаланушыларды есепке алады.

4. Пайдаланушының бастапқы паролінің Биржадан осы пайдаланушының жұмыс орнына дейін (соның ішінде Биржаның сауда-саттық залындағы орнына дейін) тасымалдау кезіндегі қауіпсіздігіне, осы пайдаланушы қызметкері болып табылатын, Қатысушы жауапты болады. Бастапқы парольдің қауіпсіздігі деп түсіну керек:
 - 1) бастапқы парольдің тасымалдағышты жоғалу, зақымдану немесе жойылу мүмкіндігінен қорғау;
 - 2) бастапқы парольдің көшірмесін жасау мүмкіншілігінен қорғау;
 - 3) осы бастапқы пароль оған арнайы әзірленген пайдаланушы болып табылмайтын тұлғаның, сондай-ақ осы Қатысушының басқа қызметкерлерінің осы бастапқы парольді алу және/немесе танысу мүмкіншілігіне жол бермеу.
15. Интернет-клиент болып табылатын пайдаланушыға ID және бастапқы парольді беру тәртібін, осы интернет-клиент соның клиенті болып табылатын, Биржа мүшесі анықтайды.

3 Тарау. ID ЖӘНЕ ПАРОЛЬДЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

16. Сауда-саттық жүйесіне кіру мақсатында ID және парольдерді қолдану тәртібі пайдаланушыға арналған жетекшілікте көрсетілген.
17. ID және парольді пайдаланып сауда-саттық жүйесінде кіргеннен кейін жүзеге асырылған барлық әрекеттер мен әрекетсіздіктер, осы ID және пароль иесі болып табылатын пайдаланушымен жүзеге асырылды деп саналады.
18. Парольдің құпиялығын қамтамасыз ету жауапкершілігі, осы парольдің иесі болып табылатын пайдаланушы соның қызметкері болып табылатын, Қатысушыға (интернет-клиенттердің парольдеріне қатысты – интернет-клиенттердің өзіне) жүктеледі. Парольдің құпиялығы деп түсіну керек:
 - 1) осы парольді пайдалану рұқсаты тек оның иесіне беріледі (пароль тасымалдағышын (егер мұндай бар болса) бөгде адамдар қол жеткізе алмайтын, кіру рұқсаты шектелген немесе басқа да мүмкін болатын амалдармен қорғалатын бөлмелерде сақтау арқылы);
 - 2) пароль тасымалдағышын (егер мұндай бар болса) жоғалу, зақымдалу, немесе жойылу қауіпінен қорғау;
 - 3) парольдің көшірмесін жасаудан немесе рұқсат етілмеген ауыстыруынан, соның ішінде автономиялық тәртіпте компьютердің клавиатурасында терілетін мәтінді айқындайтын компьютерлік бағдарламалардан қорғау;
 - 4) осы парольдің иесі болып табылмайтын тұлғалардың осы парольмен танысу мүмкіншілігінен қорғау;
 - 5) пароль соған арнайы әзірленген тұлға, сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау құқығынан, жұмыстан кетуіне немесе қызметі ауысуына байланысты немесе басқа да себептерге байланысты, айырылғанда парольдің жарамсыздығы туралы Биржаға (интернет-клиентке қызмет көрсететін Биржа мүшесіне) хабарлама беру.
19. Қатысушының қызметкері болып табылатын пайдаланушы паролінің құпиялығы бұзылған жағдайда, оның иесінің өзі немесе басқа тұлға арқылы дереу Биржа маклеріне осы пароль негізінде сауда-саттық жүйесіне кіру рұқсатын оқшаулау қажеттілігі туралы өтініш беруі тиіс (соның ішінде ауызша немесе телефон арқылы). Аталған өтінішті дер кезінде бермеу салдарына, осы пайдаланушы соның қызметкері болып табылатын, Қатысушы жауапты болады.

Биржа маклері айтылмыш өтінішті алғаннан кейін осы пайдаланушының паролі негізінде сауда-саттық жүйесіне кіру рұқсатын дереу оқшаулауы тиіс. Аталған өтінішті алғаннан кейін

осы пайдаланушының паролі негізінде сауда-саттық жүйесіне кіру рұқсатын дер кезінде оқшауламау салдарына Биржа жауапты болады.

Осы пайдаланушының паролі негізінде сауда-саттық жүйесіне кіру рұқсатын оқшаулағаннан кейін, оған жаңа бастапқы паролі беріледі. Оны алу тәртібі осы Ережелердің 13-14 тармақтарына ұқсас. Жаңа бастапқы парольді, пайдаланушы соның қызметкері болып табылатын, Қатысушының Биржадағы нотариуспен расталған осы Қатысушының қолтаңбалар үлгілері және мөр басылған карточкасына сәйкес, тиісті тұлғалардың қолы қойылып, мөр басылған, еркін түрде жазылған жазбаша өтінішін алғаннан кейін ғана, Биржа береді.

19-1 Пайдаланушының сауда-саттық жүйесіне кіруін автоматты түрде оқшаулау мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) пайдаланушы 60 күн бойы сауда-саттық жүйесін пайдаланбағанда;
- 2) осы пайдаланушының ID қолдана отырып, қатарынан үш мәрте қате парольді енгізгенде.

Сауда-саттық жүйесіне кіруді автоматты түрде оқшаулағаннан кейін бастапқы пароль осы Ережелердің 19 тармағында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 31 наурызындағы шешімімен енгізілген).

20. Орындауға жататын әрекеттерді және интернет-клиент болып табылатын пайдаланушы паролінің құпиялығын бұзғаны үшін жауапкершілікті, осы интернет-клиент соның клиенті болып табылатын, Биржа мүшесі анықтайды.
21. Сауда-саттық жүйесімен алыстан кіру тәртібінде жұмыс жасағанда ақпараттарды қорғаудың бағдарламалық-криптографиялық құралдарын қолданғанда, ID және парольдерді пайдалану ерекшеліктері Биржаның басқа ішкі құжаттарында белгіленген.

Президент

А.М.Жолдасбеков